

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Қаңтар айы, IV-апта (25.01-29.01.2021ж.)

Өтпелі тақырып: "Бізді қоршаған әлем."

Апталық тақырып: "Қуыршақтың ыдыстары"

Мақсаты: " Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты миірімді сезімдерге тәрбиелеу.

Міндеті: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген баланың тұлғасын дамытуға, адамгершілік нормаларды сезінуге, төзімділікті және түрлі адамдарға құрмет танытуды қалыптастыруға ықпал етеді.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 25.01.2021ж.	Сейсенбі 26.01.2021ж.	Сәрсенбі 27.01.2021ж.	Бейсенбі 28.01.2021ж.	Жұма 29.01.2021ж.
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Дидактикалық ойын: "Қайсысы қандай?" Мақсаты: Жуан, жіңішке е. биік, аласа заттарды ажыратуға үйрету. Ойлау қабілетін арттыру.	Санамақты үйрету: Мақсаты: Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру.	Дидактикалық ойын: "Бұл қандай түс?" Мақсаты: Балаларға түстерді ажырата білуге үйрету	Дидактикалық ойын: «Не жоқ?» Мақсаты: Балалардың есте сақтауын, танымдық қабілеттерін дамыту.	Қимылды ойын: «Затты ал» Мақсаты: балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету.
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені «Доппен»				
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан – жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру. Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру.				

<p>Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>	<p>8.40-9.15</p>	<p>Әңгімелесу:"Менің сүйікті ойыншығым" Мақсаты:Балалардың тілдерін,ой-қиялдарын дамыту</p>	<p>Саусақ жаттығуы: Сабындадық құлақты,атқан шақта жаңа таң. Міне,қандай қолымыз,міне қандай алақан. Соқтық міне алақан,аяғымыз билейді. Қуанғанда алақан алақанға тимейді</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Ғажайып қалта" Мақсаты:сезім мүшелері арқылы заттарды ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Желаяқтар мен жәйбасарлар" Мақсаты:Балаларға әр түрлі жануарлар таратылып,оларды дұрыс ажырата білуге үйрету,шапшандыққа баулу.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Нені қайда қоямыз?" Мақсаты:Әр заттың өз орны бар екенін айтып түсіндіру.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырған оқу қызметтері</p>	<p>9.15-10.20</p>	<p>1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсінік беру және олардың түрлерімен таныстыру. Әр көліктің өз жүргізушісі болатынын және оларды атай білуге үйрету. Сұрақ жауап арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіре отырып, байланыстырып сөйлеуге дағдыландырып, тілдерін дамыту. 2."Таным" Математика негіздері Тақырыбы: «Көңілді пойыздар» Мақсаты: Балаларға ересектер мен балалардың іс-әрекеттерінің мазмұнының өзгеруі бойынша тәулік бөлігін ажыратуды үйрету. Балалардың</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ұшақтар» Мақсаты: Еденге тігінен қойылған құрсаудан еңбектеп өтуге үйрету. Допты өзіне қыспай, жоғары лақтыру қағып алу білін бекіту. 3."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз» (Е. Теличиева) Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.</p>	<p>1. "Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Пойызбен саяхат» Мақсаты: Гимнастикалық орындық бойымен жүруге үйрету, батырдықты дамыту. Еденге тігінен қойылған құрсау ішінен өту, қол мен аяқтың қозғалыстарын үйлестіру білігін бекіту. 2."Қатынас" Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ұшақ» Ж.Нұрханов Мақсаты: Балаларды жалпы көлік түрлерімен таныстыру. Олардың атқаратын қызметтері туралы толық мағлұмат беру, өлеңнің мазмұнымен таныстыру, сөйлеу қабілеттерін дамыту. 2."Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Көлік» М/ты: Геометриялық</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Автомобиль» Мақсаты: Гимнастикалық орындық бойымен жүруге үйрету, батырдықты дамыту. Допты өзіне қыспай, жоғары лақтыру қағып алу білін бекіту 1."Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Автобус» Мақсаты: Балаларға көліктің түрлерімен таныстыра отырып, автобустың пайдасын айтып, байланыстырып әңгімелеуге үйрету, қандай пішінге ұқсайтынын ажыратуға үйрету. Әдіс-тәсіл: 1.Н.Айтовтың «Жолың болсын» өлеңіне жылулық шеңберін құру.</p>	<p>2."Шығармашылық" Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Балалардың көліктер туралы білімдерін кеңейту, екі таяқшадан тұратын ұшақты бір – біріне қиылыстырып орналастырып қосу арқылы мүсіндеуге үйрету, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 2."Әлеумет" Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Түрлі – түрлі көліктер» Мақсаты: Балаларға жергілікті жағдайды есепке ала отырып, түрлі көлік құралдарын танып, атауды үйрету (автобус, трамвай,</p>

		<p>геометриялық пішіндерді шеңбер, шаршы, үшбұрышты тану және оларды атау біліктілігін бекіту.</p> <p>1)Әдіс-тәсіл: 1.Жұмбақ жасыру: 2.Ойыншықтардың көмегімен көлік түрлерімен таныстыру. 3.Д/ойын:"Вагондарға дөңгелектер таңдау" 4.Сергіту сәті. 5.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p> <p>2)Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу. 2.Жұмбақ жасыру. 3.Көрнекілік арқылы тәулік бөліктерімен таныстыру. 4.Д/ойын:"Пішіндерді ажырат" 5.Сергіту сәті. 6.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>		<p>пішіндерден (тік төртбұрыш, дөңгелек) тұратын заттың суретін салу дағдыларын қалыптастыру. Ұқышты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу 2.Ойыншық ұшақпен таныстыру,сипаттау. 3.Ж.Нұрхановтың "Ұшақ"әңгімесін оқып беру,түсіндіру. 4.Д/ойын:"Жер,су,ауа" 5.Көліктің бір түрі автобустың суретін саламыз. 6.Сергіту сәті. 7.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>	<p>2.Жұмбақ жасыру: Алысты жақын еткізеді Керек жерге жеткізеді. 3.Көліктермен таныстыра отырып,автобус көлігіне жеке айтып түсіндіру. 5.Д/ойын:"Өз аялдаманды тап". 6.Сергіту сәті. 7.Қостілділік:көлік-транспорт,бағдаршам-светофор,жол-дорога. 8.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>	<p>жүк көлігі, жеңіл көлік, тік ұшақ, кеме). Жол бөлігін ажыратып, атауды үйрету (жүру бөлігі және тротуар). Олардың атқаратын қызметтері туралы толық мағлұмат беру. Әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру.</p> <p>Әдіс-тәсіл. 1.Амандасу. 2.Көрнекілік,ойыншықтар арқылы көліктің түрлерімен таныстыру. 3.К/ойын:"Ұшты,ұшты,не ұшты?" 4.Ермексаздан ұшақты жасау. 5.Қостілділік:ұшақ-самолет,ұшқыш-летчик.аспан-небо. 6.Сергіту сәті. 7.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>
Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.				
Серуен	10.40-12.00	<p>1.Ауа-райын бақылау: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін бақылау. 2.Еңбек:ауланы реттеу. 3.Қимылды</p>	<p>1.Ғимаратты бақылау. Мақсаты:биік,алас а ұғымдарын салыстыру. 2.Еңбек:Ойын алаңын реттеу. 3.Қимылды</p>	<p>1.Көліктерді бақылау:көліктердің пішінін,түсін ажырата білу. 2.Еңбек:Ойын алаңын тазалау. 3.Қимылды ойын:"Жалаушаға</p>	<p>1.Жердегі қарды бақылау. Мақсаты:Қар мен мұздың ерекшелігін ажырату. 2.Еңбек: Құстарға жем беру. 3.Қимылды ойын:</p>	<p>1.Аула жинаушы апайдың еңбегін бақылау. Мақсаты: үлкеннің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. 2.Еңбек: Ауланы реттеу.</p>

		ойын: "Мысық пен тышқан" 4.Жеке жұмыс: Аяна мен Аружанға тақпақ жаттату. 5.Еркін ойындар	ойын: "Қасқыр мен қоян" 4Жеке жұмыс: Айзереге сөйлем сөздерін айтқызу. 5.Еркін ойындар	жет" 4.Жеке жұмыс: Нұрасыл мен Бекжаннан пішіндерді сұрау 5.Еркін ойындар.	«Поезд» 4.Жеке жұмыс: Ақылбек пен Айбибіге аттарын айтқызып үйрету 5.Еркін ойындар.	3.Қимылды ойын: "Кім шапшаң?" 4.Жеке жұмыс: Дарынға балалармен бірге ойнауға дағдыландыру 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.				
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.				
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		"Қызыл телпек" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.	Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу.	Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу.	"Мақта қыз бен мысық"ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу.	Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру.				
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар	16.10-16.30	Вариативтік компонент:"Сиқырлы әлем!" Тақырыбы: ""Аяз өрнектері". Мақсаты: Әйнекке қылқаламмен бояу арқылы аяз өрнектерін салуды	"Бауырсақ"ертегісі н үстел- үсті театр арқылы сомдау. Мақсаты:ой-қиялдарын ,есте сақтау қасиеттерін дамыту.	Сюжеттік ойын: "Дәрігер". Мақсаты: балаларды әдемілікке, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Адамдармен сыпайы қарым-қатынас	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету	Дидактикалық ойын: "Не өзгерді?" Ойынның мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.

		<p>үйрету. Екі жағынан бірінің ізімен екінші балаға салғызу арқылы достыққа тәрбиелеу. Қиялын, бейнелеу үшін әр түрлі құралдарды таңдап алып, тәжірибеде пайдалана білу икемін дамыту. Білуге құштарлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ақылбекке түстерді ажыратуға үйрету.</p>	<p>Нұрасыл мен Аминатқа заттарды, суреттерді қарастыруда, сұрақтарға жауап бере білуге үйрету</p>	<p>орната білуге үйрету.</p> <p>Айбибіге сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауды үйрету.</p>	<p>Мадина мен Айзереге пішіндерді салыстыруға ,аттарын айтып ажыратуға дағдыландыру</p>	<p>Аянаға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауды үйрету.</p>
Серуенге дайындық	16.30-16.50	Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.				
Серуен	16.50-17.50	<p>Бұлттарды бақылау Қимылды ойын: "" Мақсаты: Ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту. Еркін ойындар</p>	<p>Кешкі ауа-райын бақылау. Қимылды ойын: "Күн мен жаңбыр" Мақсаты: Балаларды шашыраңқы жан-жаққа жүгіруге және бір-біріне соғыспауға үйрету. Тәрбиешінің берген белгісі бойынша қимылды бастауға, бағытты өзгертуге, өз орынын табуға үйрету. Еркін ойындар</p>	<p>Қардың жауғанын бақылау. Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар.</p>	<p>Күннің батып жатқанын бақылау Қимылды ойын: "Мысық пен тышқан" Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа,шапша аңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру. Еркін ойындар.</p>	<p>Құстарды бақылау Қимылды ойын: "Жалауша" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету Еркін ойындар</p>
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау.				

Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Ата-аналарға балаларының төлем ақысын төлеуін ескерту.	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруін ескертіп айту.	Ата-аналарға балаларының тәртібі туралы әңгімелесу.	Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.